



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

№ 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы. - [Электрондық ресурс]<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000167>

ІШКІ АУДИТОРЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ: ІШКІ АУДИТТЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

Жұманова А.Н.

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Қазақстан Республикасы

Нұр-Сұлтан қ.

E-mail: zhumanova.aiko@mail.ru

Аннотация. Мақалада еліміздің мемлекеттік органдарының стратегиялық құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдауды жүзеге асыратын ішкі аудиторлардың құзыреттілік деңгейін арттыру мәселелері қарастырылған. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік мекемелердегі ішкі аудитордың құзыреттілік деңгейіне назар аудару маңыздылығы анықталды.

Құзыреттілік деңгейін арттыру құралы ретінде ішкі аудиттегі құзыреттілік моделі келтірілген. Модель білімнің төрт саласын анықтайды, олардың әрқайсысы әртүрлі халықаралық стандарттарды қамтиды, нақты функциялар, білім саласына сәйкес келетін негізгі дағдылар мен құзыреттіліктің үш деңгейін – жалпы білімнің болуын болжайтын бастапқы деңгей, қолданбалы білімі бар орта деңгей және жоғарғы деңгейді жеке қарастырыды.

Түйін сөздер: ішкі аудит, ішкі аудит қызметтері, ішкі аудиторлар біліктілігі, кәсіби құзыреттілік моделі.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы повышения уровня компетенции внутренних аудиторов, осуществляющих анализ достижения целей и задач стратегических документов государственных органов страны. В целях повышения эффективности государственного управления определено значение внимания к уровню компетентности внутреннего аудитора в государственных учреждениях.

Приведена модель компетентности во внутреннем аудите как средство повышения уровня компетентности. Модель определяет четыре области знаний, каждая из которых включает в себя различные международные стандарты, отдельно рассматривает конкретные функции, три уровня базовых навыков и компетенций, соответствующих области знаний – начальный уровень, предполагающий наличие общего образования, средний уровень с прикладными знаниями и высший уровень.

Ключевые слова: внутренний аудит, службы внутреннего аудита, квалификация внутренних аудиторов, модель профессиональной компетентности.

Annotation.The article deals with the issues of increasing the level of competence of internal auditors who analyze the achievement of the goals and objectives of strategic documents of state bodies of the country. In order to improve the efficiency of public administration, the importance of attention to the level of competence of the internal auditor in public institutions is determined.

The model of competence in internal audit as a means of increasing the level of competence is presented. The model defines four areas of knowledge, each of which includes different international standards, separately considers specific functions, three levels of basic skills and competencies corresponding to the field of knowledge – the initial level, assuming a general education, the intermediate level with applied knowledge and the higher level.

Key words: internal audit, internal audit services, qualification of internal auditors, professional competence model.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру барысында ішкі аудит қызметтері негізгі рөлдердің бірін атқарады. Ішкі аудит қызметтерінің жұмыс маңыздылығы олардың атқаратын міндеттерімен айқындалады. Еліміздің Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығына сәйкес ішкі аудит қызметтері келесі міндеттерді атқарады:

1. мемлекеттік органның стратегиялық құжаттарының, аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілуін талдау;

2. қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі, дұрыстығын,

мемлекеттік органның қызметін ішкі ұйымдастыру процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру [1].

Ішкі аудит қызметтері орталық мемлекеттік органның, орталық мемлекеттік органы ведомстволарының бірінші басшысының, бірінші басшының қалауы бойынша, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен құрылады [2].

Аталған жұмыстарды бағалау объективті болуы үшін және ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері пайда әкелуі үшін ішкі мемлекеттік аудитор сапа жүйесі мәселелері бойынша құзыретті және жақсы дайындалған болуы керек.

Ішкі аудитор кәсіпорын жұмысы, сапа жүйесін және аудит мәселелерін жақсы түсінуге мүмкіндік беретін біліктілікке ие болуы қажет.

Сондықтан, кәсіби құзыретті ішкі аудиторларды дайындау үрдісі, кем дегенде, келесі үш құрамдас бөлікті қамтиды:

1. мамандығы бойынша базалық білімі және жұмыс тәжірибесі;
2. халықаралық стандарттар талаптарын оқыту;

3. ішкі аудиторларды аудит жүргізу үрдісі мен әдістеріне оқыту [3].

Мамандығы бойынша базалық білімі және жұмыс тәжірибесі. Базалық білім – аудитор біліктілігінің негізі. Тексеру барысында ішкі мемлекеттік аудитор көптеген қызметкерлердің жұмысын, өндірістік және басқару процестерін орындау тәртібін бағалайды. Дұрыс және объективті бағалау үшін ішкі мемлекеттік аудитор өндірістік жағдайды түсініп, ұйымдағы мөлшерді, өлшем бірліктерді, құрылымды, функцияларды және көрсеткіштерді білуі керек. Ішкі мемлекеттік аудитордың ұйымның жұмысына, сондай-ақ оның процестеріне жүйелі көзқарасы болуы маңызды. Осыған сүйене отырып, ішкі мемлекеттік аудиторларды тағайындау барысында ұйымдағы жұмыс тәжірибесін ескерген жөн. Жұмыс тәжірибесі неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы.


Халықаралық стандарттар талаптарын оқыту. Ішкі мемлекеттік аудитор ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары талаптарына және оларды кәсіпорында практикалық іске асыруды меңгері керек. Тексеріс жүргізу үшін аудит кезінде нені және қалай жасау керектігін назар аударған дұрыс. Мұндай оқыту негізгі курсқа қосымша ретінде жүргізілуі мүмкін.

Ішкі аудиторларды аудит жүргізу үрдісі мен әдістеріне оқыту. Бұл компонент ішкі мемлекеттік аудиторларды дайындаудың соңғы кезеңі. Теориялық дайындықтан басқа, ішкі аудитор іс жүзінде аудиттің барлық кезеңдерін жүргізудің негізгі әдіс-тәсілдерін игерген жөн [3].

Ішкі мемлекеттік аудиторларды даярлаудың үш құрамдас бөлігінің біріншісі жоғарғы оқу орнында және еңбек қызметі барысында игеріледі. Екінші және үшінші компоненттер қысқа мерзімде оқытылады. Дайындықтың бұл түрлерін ішкі аудиторлар қосымша курстарды өту арқылы меңгере алады.


Елімізде ішкі аудит қызметтері орталық мемлекеттік органдарда (бұдан әрі - ОМО), жергілікті атқарушы органдарда (бұдан әрі - ЖАО) және штат саны шеңберінде бірінші басшының ұйғаруы бойынша, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарында, яғни полиция департаменттерінде (бұдан әрі - ПД) құрылады [2]. Қазіргі таңда еліміздің ішкі аудит қызметінде, жалпы алғанда, 249 маман жұмыс атқаруда.

Төмендегі суретте олардың құрамы жайлы ақпарат көрсетілген.



1-сурет. ІАҚ мамандарының біліктілік сертификаттары жайлы ақпарат

Суретте көрсетілгендей, ішкі аудит қызметтерінде жұмыс атқаратын мамандардың көп бөлігі (58%) орталық мемлекеттік органдарды қызмет етеді. Жергілікті атқарушы органдарда 81 (32%) маман болса, полиция департаменттерінде 24 (10%) маман жұмыс атқарады. Келесі суретте 249 маманның біліктілік деңгейі бойынша ақпарат берілген.



2-сурет. ІАҚ мамандарының сертификатталуы туралы ақпарат

Жоғарыда көрсетілгендей, ОМО қызмет ететін 144 маманның 123 (85,42%) мемлекеттік аудитор сертификатына ие, ал 30 (20,83%) аудитордың халықаралық сертификаты бар. Ал ЖАО 68 (83,95%) маман мемлекеттік аудитор сертификатын алған және 2 (2,47%) аудитор халықаралық сертификаттаудан өткен. ПД 66,67% мемлекеттік аудитор сертификаты бар, яғни 16 маман сертификаттаудан өткен. Жалпы алғанда, еліміздің ІАҚ жұмыс істейтін 249 маманның 207-і мемлекеттік аудитор сертификатын алған, бұл 83,13% құрайды. Ал халықаралық сертификаты бар мамандар саны 32, бұл жалпы көрсеткіштің 12,85% тең. Осы ақпарат арқылы еліміздегі ішкі аудиторлардың біліктілігін арттыру жұмыстарына зер салу қажет екендігін көреміз.

Ішкі аудиторлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ішкі аудиттегі құзыреттілік моделін пайдалану ұсынылады. Халықаралық ішкі аудиторлар институты (The IIA's Internal Audit Competency Framework ©) әзірлеген «ішкі аудиттегі құзыреттер моделі» кәсіби мансаптың әрбір кезеңінде ішкі аудиторлар үшін кәсіби дамудың нақты жоспарын көрсетеді[4].

Модельге енгізілген кешенді стратегия озық әдістер мен практикалық құралдарды қолдана отырып, ішкі аудитте табысты мансап құру үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығын анықтайды.

Модель қызметкерлерді бейімдеудің және ішкі аудит қызметі персоналының біліктілігіндегі олқылықтарды анықтауға және жоюға

көмектесетін ұзақ мерзімді оқыту мен біліктілікті арттырудың тиімді құралы ретінде қолданыла алады.

Жаңа «ішкі аудит құзыреттілігінің моделі» бүкіл әлемдегі және кәсіби мансаптың әр кезеңіндегі барлық ішкі аудиторлар пайдалану үшін жасалған.

Модельге енгізілген кешенді тәсілге сәйкес табысты мансап үшін қажетті білім мен дағдылардың төрт негізгі саласы (кәсібилік, тапсырмаларды орындау, кәсіби орта, басшылық және өзара іс-қимыл) айқындалған, оларда үздік практикалық тәсілдер (әдістер) айқындалған — ішкі аудитті жүргізу үшін ішкі аудиторларға бүгін және ертен не қажет болатыны көрсетілген [4].

Біліктілік деңгейі бойынша төрт негізгі салада ішкі аудиторлар меңгеру қажет қабілеттер мен әдіс-тәсілдер бар. Аудиторлықтың өз кәсіби құзыреттілік деңгейінде негізгі төрт салада қандай дағдыларға ие болуы керектігін келесі кестеден көре аламыз. Модель атап көрсететін төрт саланың біріншісі «кәсібилік».

1-кесте

«Кәсібилік» саласы бойынша ішкі аудиторлар меңгеру қажет дағдылары

| КӘСІБИЛІК | Білім саласы | Біліктілік деңгейі | | |
|-----------|--|--|---|--|
| | | жалпыбілім | қолданбалы білім | сараптамалық білім |
| | Ішкі аудит міндеттері | Ішкі аудиттің мақсатын, өкілеттігі мен жауапкершілігін сипаттау. | Тексерістерді ұсыну бойынша тапсырмаларды да, стандарттарға сәйкес кеңес беру бойынша тапсырмаларды да орындау қабілетін көрсету. | Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және жақсарту мақсатында ішкі аудиттің консультациялық қызметтерді көрсету қабілетін талдау. |
| | Ішкі аудит жарғысы (Ішкі аудит туралы ереже) | Ішкі аудит туралы Ереженің мақсатын сипаттау; | Ішкі аудит туралы ережені стандарттарға сәйкес дайындау. | Стандарттар мен үздік тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ішкі аудит туралы ережені бағалау және қайта қарау. |
| | Этикалық | Ішкі | Халықаралы | Ішкі аудит |

| | | | | |
|--|-------------|---|--|---|
| | мінез-құлық | аудиторлар үшін этика кодексiнiң маңыздылығын сипаттау. | қ ішкі аудиторлар институтын ың этика кодексiн сақтауын көрсету. | қызметiнiң халықаралық ішкі аудиторлар институтын ың этика кодексiне сәйкестiгiн бағалау. |
| Ескерту: кесте [4] ақпарат негiзiнде автормен құрастырылды | | | | |

Кестеде «кәсiбилiк» саласы бойынша ішкі аудит саласындағы толыққанды қызмет үшін қажеттi беделдi, сенiмдi және этикалық мiнез-құлықты көрсету үшін қажеттi құзыреттер айқындалған.

2-кесте

«Тапсырмаларды орындау» саласы бойынша ішкі аудиторлар меңгеру қажет дағдылар

| ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ | Бiлiм саласы | Бiлiктiлiк деңгейi | | |
|-----------------------|----------------------|--|---|--|
| | | жалпыбiлiм | қолданбалы бiлiм | сараптамалық бiлiм |
| | Ұйымды басқару | Ұйымды басқарудың жалпы тұжырымдамасын сипаттау | Ұйымның процедура ларына, процестерi не және басқару құрылымдарына байланысты тәуекелдердi анықтау. | Ұйымды басқару процедураларын, процестерiн және құрылымдарын жақсартуды ұсыну. |
| | Тәуекелдердi басқару | Тәуекел және тәуекелдердi басқарудың негiзгi ұғымдарын сипаттау. | Тәуекел және тәуекелдердi басқарудың негiзгi ұғымдарын сипаттау. | Тәуекелдердi сәйкестендiру және басқару тиiмдiлiгiн бағалау үшін қолданылатын әдiстердi бағалау. |

| | | | | |
|--|--|---|---|---|
| | Тапсырманы жоспарлау - мақсат пен көлем - тәуекелді бағалау - аудит бағдарламасы - ресурстар | Тапсырманың мақсаттарын, бағалау өлшемдерін және көлемін анықтауға байланысты негізгі рөлдер мен іс-шараларды сипаттау. | Тапсырманың мақсаттарын, бағалау өлшемдерін және көлемін анықтау. | Аудиторлық тапсырманың сапасын қамтамасыз ету үшін оның мақсаттары мен көлемін бағалау. |
| | | Аудит бағдарламасының мақсаты мен негізгі компоненттерін сипаттау. | Аудит бағдарламасын дайындау. | Аудит бағдарламасын бағалау. |
| | | Тапсырманы орындау үшін кадрлар мен ресурстарды жоспарлауға әсер ететін факторларды сипаттау. | Тапсырманы орындау үшін кадрлар құрамы мен ресурстарын анықтау. | Аудиторлық тапсырманы орындау үшін кадрлар құрамы мен ресурстарды бағалау. |
| Ескерту: кесте [4] ақпарат негізінде автормен құрастырылды | | | | |

Жоғарыдағы кестеде халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі аудит тапсырмаларын жоспарлау және орындау үшін қажетті құзыреттер көрсетілген.

3-кесте

«Кәсіби орта» саласы бойынша ішкі аудиторлар меңгеру қажет дағдылар

| КӘСІБИ ОРТА | Білім саласы | Біліктілік деңгейі | | |
|-------------|---|--|--------------------------------------|--------------------------------------|
| | | жалпыбілім | қолданбалы білім | сараптамалық білім |
| | Әлеуметтік жауапкершілік және тұрақтылық. | Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақтылық | Ұйымның әлеуметтік жауапкершілік пен | Ұйымның әлеуметтік жауапкершілік пен |

| | | | |
|---|---|--|--|
| | ұғымдарын сипаттау. | тұрақтылыққа деген көзқарасын зерттеу. | тұрақтылыққа деген көзқарасын жақсарту шараларын ұсыну. |
| Ақпараттық технологиялар * Деректерді талдау * Деректердің қауіпсіздігі және сақталуы | Ақпараттық технологиялар мен деректерді талдаудың негізгі ұғымдарын сипаттау. | Аудит жүргізу кезінде деректерді талдауды және ақпараттық технологияларды қолдану. | Аудит жүргізу кезінде деректерді талдау мен ақпараттық технологияларды пайдалануға баға беру. |
| | Ақпараттық технологияларға, ақпараттық қауіпсіздікке және деректердің құпиялылығына байланысты әртүрлі қауіптерді сипаттау. | Ақпараттық технологияларға, ақпараттық қауіпсіздікке және деректердің құпиялылығын а байланысты әртүрлі тәуекелдерді анықтау және бағалау. | Ақпараттық технологияларға, ақпараттық қауіпсіздікке және деректердің құпиялылығына байланысты тәуекелдерді басқару шараларын ұсыну. |
| Бухгалтерлік есеп және қаржы | Қаржылық және басқарушылық есептің әртүрлі тұжырымдамаларын және негізгі принциптерді түсіну. | Қаржылық талдау жүргізу; қаржылық есептілікті зерттеу және түсіндіру. | Ұсынылатын қаржылық есептіліктің дәлдігіне баға беру және тиісті кепілдіктер беру. |
| Ескерту: кесте [4] ақпарат негізінде автормен құрастырылды | | | |

3-кестеде «кәсіби орта» саласына, яғни ұйым жұмыс істейтін сала мен ортаға тән тәуекелдерді анықтау және тәуекелдерге ден қою үшін қажетті құзыреттер тізімі берілген.

4-кесте

«Басшылық және өзара іс-қимыл» саласы бойынша ішкі аудиторлар менгеру қажет дағдылар

| | Білім саласы | Біліктілік деңгейі | | |
|------------------------------|---|---|---|---|
| | | жалпыбілім | қолданбалыбілім | сараптамалықбілім |
| БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ | Стратегиялық жоспарлау және ішкі аудитті басқару | Ішкі аудиттің стратегиялық жоспарын ұйымның стратегиясымен үйлестірудің маңыздылығын түсіну. | Ұйымның стратегиясына, тәуекелдер бейініне және тәуекелдерді басқару стратегиясына сәйкес ішкі аудиттің стратегиялық жоспарын жасау; ішкі аудиттің тиімді бюджетін жасау. | Ішкі аудиттің стратегиялық жоспарына баға беру; ішкі аудит бюджетін жетілдіру жөніндегі шараларды бағалау және ұсыну. |
| | | Ішкі аудит саласындағы әр түрлі рөлдерді, соның ішінде тапсырма жетекшісі мен ішкі аудит жетекшісінің рөлдерін ажырату. | Ішкі аудит қызметкерлерін басқаруды жүзеге асыру, ішкі аудит қызметін басқарудың қағидаттары мен рәсімдерін әзірлеу. | Таланттарды басқару бойынша ішкі аудит іс-шараларына баға беру; ішкі аудиттің принциптерін, рәсімдерін және әкімшілік қызметін бағалау. |
| | Өзара әрекеттесу - ақпараттық-түсіндіру жұмысы - мүдделі тараптармен қарым- | Ақпараттық-түсіндіру жұмысының құндылығын және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастың маңыздылығын түсіну. | Ішкі аудиттің беделін және мүдделі тараптардың үміттерін басқаруды жүзеге асыру. | Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты бағалау және оларды жақсарту жөнінде шаралар ұсыну. |

| | | | | |
|--|------------------------|--|--|--|
| | қатынас - есеп беру | | | |
| Ескерту: кесте [4] ақпарат негізінде автормен құрастырылды | | | | |

Кесте мүдделі тараптар арасында тиімді өзара іс-қимылды, қарым-қатынасты қолдауды, персоналды және ішкі аудит процестерін басқаруды қамтамасыз ету үшін қажетті құзыреттерді айқындап көрсетеді.

Әр салаға қажетті құзыреттерді анықтағаннан соң, оларды меңгеруге қажетті құралдарды белгілеген жөн. Келесі кестеде құзыреттіліктің үш деңгейі мен білімнің төрт саласы үшін ерекшеленетін оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған.

5-кесте

Құзыреттіліктің үш деңгейі мен білімнің төрт саласы үшін оқу-әдістемелік материалдар

| Білім саласы | | Біліктілік деңгейі | | |
|---------------------------|--------------------|---|---|--|
| | | жалпыбілім | қолданбалыбілім | сараптамалықбілім |
| КӘСІБИЛІК | Оқыту | -Tools for New Auditors -Professionalism Competency Bundle | -CIA Exam Preparation Instructor-led Course Part 1: Essentials of Internal Auditing -Tools for Lead Auditors | |
| | Сертификац- тау | -Certified Internal Auditor -Internal Audit Practitioner | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance | -Certification in Risk Management Assurance -Qualification in Internal Audit Leadership |
| ТАПСЫРМАЛАР ДЫ ОРЫНДАУ | Оқыту | -Audit Report Writing Fundamentals of Risk-based Auditing -Tools for New Auditors | -CIA Exam Preparation – Part 2: Practice of Internal Auditing -Tools for Lead Auditors | |

| | | | | |
|--|----------------|---|---|---|
| КӘСІБИ ОРТА | Сертификат-тау | -Certified Internal Auditor -Internal Audit Practitioner | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance | -Certification in Risk Management Assurance -Qualification in Internal Audit Leadership |
| | Оқыту | -Fundamentals of IT Auditing -IT General Controls | -Data Analysis for Internal Auditors | |
| ҚИМЫЛ | Сертификат-тау | -Certified Internal Auditor -Internal Audit Practitioner | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance |
| | Оқыту | | -Tools for the Audit Managers -Advanced Risk-based Auditing -Performing an Effective Quality Assessment | Leadership Series I: Accelerate Change Leadership Series II: Peak Performance |
| | Сертификат-тау | -Certified Internal Auditor -Internal Audit Practitioner | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance | -Certified Internal Auditor -Certification in Risk Management Assurance -Qualification in Internal Audit Leadership |
| Ескерту: кесте [5] ақпарат негізінде автормен құрастырылды | | | | |

Кестеде құзыреттіліктің үш деңгейі мен білімнің төрт саласы үшін ерекшеленетін ішкі аудиторлар институтымен дайындалған оқу-әдістемелік материалдар берілген.

Ішкі аудиторлардың құзыреттілік деңгейін арттыру үшін ұсынылған модель ең ұтымды болып саналады. Модельдің ерекшелігі - ол білімнің төрт саласын анықтайды, олардың әрқайсысы әртүрлі халықаралық стандарттарды қамтиды, нақты функциялар, білім саласына сәйкес келетін негізгі дағдылар мен құзыреттіліктің үш деңгейін – жалпы білімнің болуын болжайтын

бастапқы деңгей, қолданбалы білімі бар орта деңгей және жоғарғы деңгейді жеке қарастырады [4].

Қорытынды. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік мекемелердегі ішкі аудитордың құзыреттілік деңгейіне назар аудару маңызды. Мақалада еліміздің мемлекеттік органдарының стратегиялық құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдауды жүзеге асыратын ішкі аудиторлардың құзыреттілік деңгейін арттыру мәселелері қарастырылды.

Ішкі аудиттегі мансаптың қай кезеңінде болса да, қандай білім мен дағдыға қол жеткізгісі келсе де, «ішкі аудиттегі құзыреттілік моделі» жеке қажеттіліктерді қамтамасыз етуге көмектесетін кәсіби даму жоспарын ұсынады. Халықаралық ішкі аудиторлар институтының (The IIA) сарапшылары кәсіби даму – түзу жол емес, көптеген қиылыстары бар күрделі процесс екенін біледі. Бұл модель осы күрделі үрдісті ескеріп құрастырылған. Сондықтан, ішкі аудитор кәсіпорын жұмысы, сапа жүйесін және аудит мәселелерін жақсы түсінуге мүмкіндік беретін біліктілікке ие болуы үшін осы модель негізінде жұмыс атқару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы. - [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы. - [Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>
3. Менеджмент качества. Внутренний аудитор. - [Электрондық ресурс] https://www.kpms.ru/Implement/Qms_Auditor_training.htm
4. Internal Audit Competency Framework. - [Электрондық ресурс] [Internal-Audit-Competency-Framework-Russian.pdf](#)
5. The Institute of Internal Auditors. - [Электрондық ресурс] [The Institute of Internal Auditors \(theiia.org\)](#)

ПРОФЕССИОНАЛИЗАЦИЯ АУДИТОРОВ И АКТУАЛЬНЫЕ ОПРОСЫ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ В ОБЛАСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

Загоскина З.П.

Назарбаев Университет

Уважаемые коллеги не ошибусь если отмечу то, что эффективность развития экономик всех стран зависит от наличия интеллектуального потенциала.